



NATIONAL HISTORICAL-CULTURAL
MUSEUM-RESERVE
AZRET SULTAN

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ

Түркістан- Стамбұл
2026



**Түркия Дін істері қоры Ислам зерттеулері орталығы (ISAM) мен «Әзірет Сұлтан»
Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК арасындағы ғылыми және мәдени
ынтымақтастық туралы меморандум**

Түркия Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асырушы Түркия Дін істері қорының Ислам зерттеулері орталығы (бұдан әрі «ISAM») атынан уәкілетті Президенті, профессор, доктор Муртаза Бедир бір тараптан, екінші тараптан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – «Музей-қорық») атынан директор м.а. Ерлан Ерғазыұлы Дакенов (бұдан әрі әрқайсысы «Тарап», ал бірге «Тараптар» деп аталады) арасында төменде көрсетілген талаптар мен шарттар негізінде осы Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

1-БАП. МАҚСАТЫ

Осы Ынтымақтастық туралы меморандумның мақсаты – Тараптардың институционалдық өкілеттіктері мен қызмет бағыттары шеңберінде теңдік және өзара тиімділік қағидаттарына сәйкес:

- 1.1. ғылыми зерттеулер, мәдени мұра және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты дамыту;
- 1.2. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен сопылық дәстүрді зерттеу, сақтау, насихаттау және осы бағыттарда бірлескен жобаларды жүзеге асыру;
- 1.3. Тараптар арасындағы халықаралық ғылыми және мәдени байланыстарды нығайту үшін жалпы негізді айқындау болып табылады.

2-БАП. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Осы Ынтымақтастық туралы меморандум Тараптардың ынтымақтастыққа деген ниетін білдіретін ортақ құжат болып табылады.
- 2.2. Осы меморандум Тараптар арасында заңды күші бар шарттық қатынастарды туындатпайды және Тараптардың ешқайсысына қандай да бір міндеттемелерді орындау, қаржылық міндеттеме қабылдау немесе орындалуы талап етілетін қандай да бір борыш жүктемейді.
- 2.3. Тараптардың ешқайсысы осы меморандумға сүйене отырып, екінші Тараптан қандай да бір жобаны бастау, жалғастыру, қаржыландыру немесе аяқтау туралы талап қоя алмайды.
- 2.4. Міндетті күшінің болмауына қатысты жалпы қағидаға қарамастан, осы меморандумның зияткерлік меншік құқықтарына (6-бап), құпиялылыққа (9-бап) және хабарламалар тәртібіне (10-бап) қатысты ережелері Тараптар үшін заңды түрде міндетті болып табылады.

3-БАП. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАЛАРЫ

Осы меморандум шеңберінде Тараптар төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыра алады:

- 3.1. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы, сопылық дәстүр және Ясауилік ілім бағыттары бойынша, ең алдымен, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жоспарлау және іске асыру;
- 3.2. конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстел отырыстары, көрмелер, онлайн конференциялар мен семинарлар сияқты ғылыми және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;
- 3.3. ғалымдар, зерттеушілер мен мамандар арасында академиялық алмасу бағдарламалары мен тағылымдамаларды ұйымдастыру;
- 3.4. ғылыми жарияланымдар, архивтік құжаттар және қолжазбалар саласында ақпарат және материалдар алмасуды қамтамасыз ету;
- 3.5. қолжазбалар мен сирек кездесетін еңбектерді цифрландыру және реставрациялау;
- 3.6. бірлескен ғылыми жарияланымдарды, ақпараттық материалдарды, аналитикалық есептер мен сараптамалық жазбаларды дайындау және жариялау;
- 3.7. ұлттық және халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу;
- 3.8. цифрлық платформалар арқылы бірлескен ғылыми және мәдени контент әзірлеу;
- 3.9. осы бапта көрсетілген ынтымақтастық бағыттары шектелмейді және Тараптардың жазбаша келісімі негізінде кеңейтілуі мүмкін.

4-БАП. ІСКЕ АСЫРУ

- 4.1. Осы меморандум аясында жүзеге асырылатын нақты жобалар мен іс-шаралар Тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде жасалатын арнайы келісімдер арқылы айқындалады.
- 4.2. Әрбір іске асыру келісінде жобаның ауқымы, мерзімі, Тараптардың міндеттемелері, қаржылық шарттары, зияткерлік меншік құқықтарының айқындалуы, әсіресе архивтік құжаттарды, қолжазбаларды және сирек кездесетін еңбектерді физикалық немесе цифрлық түрде бөлісуге қатысты қайтару шарттары, сақтандыру міндеттемелері, қорғау шаралары, пайдалану шектеулері, үшінші тұлғаларға беруге тыйым салу және тоқтату шарттары жеке-жеке айқындалады.
- 4.3. Іске асыру келісімдері осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады және меморандум ережелеріне қайшы келген жағдайда, меморандум ережелері негізге алынады.

5-БАП. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

5.1. Осы меморандумға енгізілетін кез-келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өкілдері қол қойған жазбаша өзгерістер енгізу туралы құжат негізінде ғана заңды күшіне енеді.

5.2. Мұндай өзгерістер енгізу туралы құжаттар осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

6-БАП. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

6.1. Осы меморандум аясындағы бірлескен қызмет нәтижесінде туындайтын барлық зияткерлік меншік құқықтары Тараптар тарапынан тиісті іске асыру келісімінде жазбаша түрде қосымша реттеледі.

7-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

Осы меморандумды түсіндіру немесе қолдану барысында туындайтын барлық даулар Тараптар арасында өзара түсіністік және адал ниет қағидаттарына сәйкес келіссөздер арқылы шешіледі.

8-БАП. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

8.1. Осы меморандум Тараптарға тікелей қандай да бір қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

8.2. Әрбір бірлескен қызмет немесе жобаның қаржылық шарттары тиісті іске асыру келісімінде қызмет басталғанға дейін Тараптар тарапынан жазбаша түрде жеке келісіліп айқындалады. Жазбаша қаржылық келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, ешбір Тарап екінші Тараптан қаржылық үлес немесе шығындарды өтеуді талап ете алмайды.

8.3. Қаржылық міндеттемелер әрбір Тараптың ішкі заңнамасына, бюджеттік мүмкіндіктеріне және институционалдық келісу рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9-БАП. АҚПАРАТ АЛМАСУ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

9.1. Тараптар осы меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық бағыттарымен шектелген көлемде ғылыми ақпарат пен материалдармен алмаса алады.

9.2. Тараптар ынтымақтастық барысында алған және көпшілікке жария етілмеген кез-келген ақпаратты (зерттеу деректері, жарияланбаған еңбектер, архивтік материалдар, институционалдық мәліметтер және бұлармен шектелмейтін өзге де ақпараттар) құпия ақпарат деп танып, олардың құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

9.3. Құпиялылық жөніндегі міндеттемелер осы меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін бес (5) жыл бойы өз күшін сақтайды.

9.4. Осы меморандум барысында жеке деректер санатына жататын ақпараттарды беру немесе тарату жағдайында, Тараптар өз елдерінде қолданыстағы жеке деректерді қорғау туралы заңнама талаптарына сәйкес әрекет етеді. Атап айтқанда, жеке деректерді шетелге

беру ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңымен және Түркия Республикасының «6698 нөмірлі Дербес деректерді қорғау туралы» заңның және оған қатысты нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай реттеледі және оған қатысты өзге де нормативтік-құқықтық актілер талаптарына бағынады.

9.5. Бірлескен қызмет нәтижесінде дайындалған ғылыми жарияланымдар тек екі Тараптың алдын ала жазбаша келісімі негізінде ғана жүзеге асырылады. Келісім алу туралы сұрау жазбаша түрде жолданады; сұрау жіберілген күннен бастап отыз (30) күн ішінде жазбаша жауап берілмеген жағдайда келісім берілмеген болып есептеледі.

10-БАП. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

10.1. Осы ынтымақтастық туралы меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімге жарамды.

10.2. Тараптардың кез-келгені кемінде 30 күн бұрын жазбаша хабарлама беру арқылы осы Меморандумды тоқтата алады. Тоқтату бұрын басталған жобаларға әсер етпейді.

10.3. Егер Тараптардың бірі Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын оны тоқтату туралы жазбаша хабарлама бермесе, Меморандум сол шарттармен әрбір келесі бір жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

10.4. Тоқтату күніне дейін басталған жобалар тоқтату күнінен бастап ең көп дегенде 12 (он екі) ай ішінде аяқталуға тиіс немесе Тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде тоқтатылады.

10.5. Осы Меморандум қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде әр Тарапқа бір-бір данадан, барлығы 2 (екі) данада жасалды.

Стамбұл қаласы, Үскүдар,
Ижадие Бағларбашы көшесі 38

Түркістан қаласы, Әмір Темір көшесі
53А

Түркия Дін істері қоры
Ислам зерттеулері орталығы
(İSLAM ARAŞTIRMALARI MERKEZİ)
İcadiye Bağlarbaşı Cd. No:40 Üsküdar 34662 İSTANBUL
Tel: 0216 474 08 50 - Faks: 0216 474 08 74
Üsküdar V.D. 8790012178

Проф. доктор Муртеза Бедир



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи -
мәдени музей-қорығы директорының

Ерлан Дакенов